

Қарамұрт ауылдық округі Қарамұрт ауылы А.Моминжанов көшесінің № 68-95 тұрғын үйлері аралығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарамұрт ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 63 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 наурызда № 6108 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарамұрт ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № 170 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарамұрт ауылдық округі әкімінің 26.08.2021 № 170 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 16 наурыздағы № 08-02-03/162 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Қарамұрт ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарамұрт ауылдық округі Қарамұрт ауылы А.Моминжанов көшесінде бруцеллез ауруының ошағы анықталуына байланысты, Қарамұрт ауылдық округі Қарамұрт ауылы А.Моминжанов көшесінің № 68-95 тұрғын үйлері аралығына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сайрам ауданының Қарамұрт ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК